Аңдатпа

«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация
Сеилкасымова Роза Аскаровна
Тақырыбы: «Қазақстан Республикасында медициналық қалдықтарды қайта өңдеу процесін құқықтық реттеу»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасында медициналық қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеудің теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеуге арналған. Медициналық қалдықтар құқықтық реттеудің ерекше объектісі ретінде қарастырылып, жинау, сұрыптау, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру, қалпына келтіру, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою операцияларының арақатынасы айқындалды. Негізгі назар қалдықтарды қайта өңдеуге жіберу шарттарына, санитариялық сынып пен Қалдықтар сыныптауышындағы кодтың байланысына, сондай-ақ өңдеуден кейінгі материалдың құқықтық мәртебесіне аударылды.

Бірінші бөлімде медициналық қалдықтардың ұғымы, құқықтық табиғаты, реттеудің қалыптасуы мен қағидаттары зерттелді. Екінші бөлімде халықаралық және ұлттық құқықтық негіздер, Қазақстандағы құқық қолдану практикасы, қайта өңдеуге жіберу шарттары, қалдық мәртебесін тоқтату және жауапкершілік мәселелері талданды. Үшінші бөлімде заңнаманы жетілдіру, қатысушылар міндеттерін бөлу, электрондық қадағаланушылық, түпкілікті операцияны құжатпен растау және тұрмыстық медициналық әрі фармацевтикалық қалдықтарды бөлек қабылдау жөніндегі ұсыныстар негізделді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың және қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз етудің жаңартылған конституциялық-құқықтық негізін 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қалыптастырды. Медициналық қалдықтардың құрамы мен қауіптілік деңгейі әртүрлі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, денсаулық сақтау ұйымдарындағы қалдықтардың шамамен 85 пайызы жалпы қалдықтарға, ал 15 пайызға жуығы инфекциялық, химиялық немесе радиоактивті қауіпті қалдықтарға жатады. Сондықтан қауіпті заттармен ластанбаған материалдарды бөлек жинап, қайта өңдеуге жіберу, ал қауіпті қалдықтардың қауіпсіздігін тиісті өңдеу нәтижелерімен растау қажет.

Қазақстанда медициналық қалдықтармен жұмыс істеу талаптары Экология кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте, санитариялық қағидаларда және Қалдықтар сыныптауышында белгіленген. Алайда санитариялық сынып, қалдық коды, қауіпті қасиеттер, қолданылған технология және кейінгі құқықтық мәртебе өзара толық байланыстырылмаған. Қалдық операторға берілгеннен кейін

оның бағыты, қолданылған технологиясы мен түпкілікті операциясы біртұтас жүйеде жүйелі тіркелмейді. Ресми статистикадағы өлшем бірліктерінің әртүрлілігі деректерді салыстыруға кедергі келтіреді. 1167 респондент қатысқан сауалнама пайдаланылмаған дәрілер мен тұрмыстық медициналық бұйымдарды қабылдайтын қолжетімді жүйеге сұраныс бар екенін көрсетті.

Операциялардың құқықтық нәтижесін ажырату да маңызды. Залалсыздандыру қалдықтың қауіпті қасиеттерін азайтуға немесе жоюға бағытталса, қайта өңдеу жарамды материалдарды өндірістік айналымға қайтаруды көздейді. Сондықтан залалсыздандырудың аяқталуы қалдықтың бірден қайталама материалға айналғанын білдірмейді. Қауіпсіздік нәтижесі, материалдық құрам, қолданылған технология және одан әрі пайдалану мүмкіндігі жеке расталуға тиіс. Осы кезеңдердің сабақтастығы айқындалмаған жағдайда қалдықтың кейінгі қозғалысын және өңдеудің түпкілікті нәтижесін тексеру қиындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Шетелдік және қазақстандық еңбектерде медициналық қалдықтардың денсаулық пен қоршаған ортаға әсері, өңдеу технологиялары, санитариялық қауіпсіздік, айналым экономикасы, құқықтық режим және тұрмыстық фармацевтикалық қалдықтар қарастырылған. Дегенмен санитариялық сынып пен қалдық кодының арақатынасы, залалсыздандырудан қайта өңдеуге өту, қалдық мәртебесін тоқтату, операторға берілгеннен кейінгі электрондық қадағаланушылық, қатысушылар міндеттерін бөлу және халықтан қалдық қабылдау мәселелері өзара байланыста толық зерттелмеген.

Диссертациялық зерттеудің объектісі. Зерттеу объектісін медициналық қалдықтарды бөлек жинау, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру, қайта өңдеуге жіберу, қайталама айналымға тарту және түпкілікті операцияны растау барысында медициналық ұйымдар, тасымалдаушылар, операторлар, қайта өңдеуші кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасында туындайтын қоғамдық қатынастар құрайды.

Зерттеу пәні. Зерттеу пәніне аталған қатынастарды реттейтін ұлттық құқықтық нормалар, халықаралық талаптар, шетелдік құқықтық практика, ғылыми тұжырымдар және құқық қолдану материалдары жатады.

Зерттеудің базасы. Деректік базаны Қазақстан Республикасының Конституциясы, экологиялық және денсаулық сақтау заңнамасы, санитариялық қағидалар, Қалдықтар сыныптауышы, халықаралық конвенциялар, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің құжаттары, Еуропалық Одақ пен шет мемлекеттердің тәжірибесі құрады. Эмпирикалық базаға 2020–2024 жылдардағы ресми статистика, құқық қолдану материалдары, медициналық ұйымдардағы бақылау, 10 жартылай құрылымдалған сұхбат, Швеция дәріханаларының тәжірибесі және 1167 респондент қатысқан сауалнама енгізілді.

Сұхбаттар медициналық қалдықтарды жіктеу, бөлек жинау, уақытша сақтау, ішкі есеп, залалсыздандыру, операторға беру және кейінгі өңдеу практикасын нақтылауға мүмкіндік берді. Швеция дәріханаларының

тәжірибесі пайдаланылмаған дәрілерді, инсулин препараттарын, қолданылған шприцтер мен инелерді халықтан бөлек қабылдаудың ұйымдастырушылық үлгісін бағалау үшін қолданылды. Сауалнама халықтың хабардарлығын, қалдықтарды үй жағдайында жою практикасын және арнайы қабылдау жүйесіне көзқарасын анықтауға бағытталды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – медициналық қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеудің теориялық және қолданбалы негіздерін кешенді талдау, оның құқықтық табиғатын айқындау және ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін:

– медициналық қалдықтар ұғымы мен құқықтық сипаттамасын айқындау;

– құқықтық реттеудің қалыптасуы мен даму кезеңдерін қарастыру;

– қайта өңдеуді құқықтық реттеу қағидаттарын зерделеу;

– халықаралық құқықтық практиканы талдау;

– қолданыстағы ұлттық заңнамаға құқықтық талдау жүргізу;

– қайта өңдеудің қазіргі практикасы мен негізгі мәселелерін анықтау;

– қауіпсіз қайта өңдеу мен қалдық қозғалысын құқықтық қадағалауды зерттеу;

– экологиялық зиян үшін жауапкершіліктің құқықтық негіздерін талдау;

– ұлттық заңнаманы жетілдіру бағыттарын айқындау;

– қайта өңдеуді ұйымдастыруды жетілдіру жолдарын ұсыну міндеттері қойылды.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеудің пәнаралық сипатына сәйкес нормативтік-доктриналық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік және логикалық-заңдық әдістер қолданылды. Нормативтік талдау негізгі операциялардың арақатынасын, қайта өңдеуге жарамдылықты және қалдық мәртебесін тоқтату талаптарын айқындауға бағытталды. Салыстырмалы әдіс халықаралық стандарттар мен шетелдік тәжірибені Қазақстан заңнамасымен салыстыруға мүмкіндік берді. Құқық қолдану практикасы ресми деректер, сұхбаттар, бақылау және социологиялық сауалнама арқылы зерделенді.

Жүйелік және логикалық-заңдық тәсілдер санитариялық, экологиялық және технологиялық талаптардың өзара байланысын анықтауға, алынған нәтижелерді жинақтауға және заңнамалық ұсыныстарды қалыптастыруға қолданылды. Шетелдік шешімдер Қазақстанның құқықтық жүйесіне, мемлекеттік басқару құрылымына және қолданыстағы рұқсат беру тәртібіне сәйкестігі тұрғысынан бағаланды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Медициналық қалдықтарды қайта өңдеу өзіндік шарттары мен құқықтық салдары бар дербес процесс ретінде негізделді. Медициналық қалдықтардың құқықтық белгілері нақтыланып, авторлық анықтамасы тұжырымдалды; залалсыздандыру, қалпына келтіру, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою операцияларының арақатынасы ажыратылды. Қайта өңдеуге жарамдылық өлшемдері, залалсыздандырылған қалдықты қайта өңдеуге жіберу шарттары,

қалдық мәртебесін тоқтату талаптары, контейнер немесе біртекті партия деңгейіндегі электрондық тіркеу және халықтан медициналық әрі фармацевтикалық қалдықтарды бөлек қабылдау жөніндегі ұсыныстар әзірленді.

Ұсынылған құқықтық үлгі қалдықтың санитариялық сыныбын, Қалдықтар сыныптауышындағы кодын, мөлшерін, тасымалдаушысын, операторын, қолданылған технологиясын және түпкілікті операциясын бірізді тіркеуді көздейді. Бұл деректер медициналық ұйымнан операторға міндеттердің қай кезеңде ауысқанын анықтауға және жауапкершілік шегін белгілеуге мүмкіндік береді. Электрондық тіркеуде пациенттердің дербес медициналық деректері қамтылмайды.

Қорғауға ұсынатын негізгі ережелер мен тұжырымдар. Зерттеу нәтижелері бойынша қорғауға келесі ережелер шығарылады:

1) Медициналық қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеу салааралық құқықтық режимді құрайды, өйткені қалдық түзілген кезден оның түпкілікті құқықтық мәртебесі белгіленгенге дейін санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық және технологиялық талаптар қатар қолданылады, ал олардың мазмұны қалдықтың қауіпті қасиеттері мен тәуекел деңгейіне, сондай-ақ таңдалған өңдеу тәсіліне қарай өзгереді.

2) Медициналық қалдықтардың санитариялық сыныбы мен Қалдықтар сыныптауышындағы кодының арақатынасына, оларды операторға беру кезіндегі міндеттердің бөлінуіне, өңдеуден кейінгі материалдың құқықтық мәртебесіне және түпкілікті операцияны растау тәртібіне қатысты заңнамамен нақты реттелмеген мәселелер саны артқан сайын, құқық қолдану барысында осы мәселелерді әртүрлі түсіндіру жағдайларының саны да артады.

3) Залалсыздандырылған медициналық қалдықты қайта өңдеуге оның санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі, қолданылған технология және зертханалық бақылаудың оң нәтижесі құжатпен расталған жағдайда ғана жол беріледі, ал осы үш шарттың біреуі расталмаса, қалдық қайта өңдеуге жіберілмейді.

4) Қалдық мәртебесі төрт шарттың барлығы орындалғанда, яғни қалпына келтіру немесе қайта өңдеу операциясы аяқталып, алынған материалдың қауіпсіздігі, белгіленген талаптарға сәйкестігі және одан әрі пайдалануға жарамдылығы расталған кезде тоқтатылады, ал аталған шарттардың біреуі орындалмаса, мәртебе сақталады.

5) Медициналық қалдықтың қозғалысын контейнер немесе біртекті партия бойынша электрондық тіркеу, қолданылған технология мен түпкілікті операцияны жүйеде көрсету қайта өңдеу маршрутының әр кезеңін құжатпен растауды және маршрут бұзылған кезде жауапты субъектіні тіркелген деректер арқылы анықтауды қамтамасыз етеді.

6**)** Халықтан медициналық және фармацевтикалық қалдықтарды бөлек қабылдайтын қолжетімді жүйенің болмауы олардың үйде бақылаусыз сақталу немесе коммуналдық қалдықтармен бірге тасталу ықтималдығын

арттырады, ал мамандандырылған қабылдау пункттері мұндай қалдықтарды қауіпсіз өңдеуге қадағаланатын тәртіппен беруді қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысы медициналық қалдықтарды қайта өңдеудің салааралық құқықтық режимі туралы теориялық түсінікті толықтырады. Авторлық анықтама мен негізгі операциялардың құқықтық ерекшеліктері осы бағыттағы кейінгі ғылыми зерттеулерге және экологиялық әрі медициналық құқықты дамытуға негіз болады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациядан өтуі. Зерттеудің негізгі нәтижелері төрт ғылыми еңбекте жарияланды: бір мақала – Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық ғылыми журналда, екі мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, бір мақала – ғылыми конференция материалдарында.

1. Seilkassymova R., Nurmukhankyzy D., Rzabay A., Baktykhozhayev Z., Nessipbayeva I. Environmental Safety and Legal Regulation of Medical Waste Management: International Experience // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2022. – Vol. 13, No. 7(63). – P. 1817–1824. – DOI: 10.14505/jemt.v13.7(63).01.

2. Seilkassymova R. A., Nurmukhankyzy D. Legal and economic issues of improving the medical waste management system // Bulletin of the Karaganda University “Law Series”. – 2025. – Vol. 30, No. 2(118). – P. 25–34. – DOI: 10.31489/2025L2/25-34.

3. Wojtczak D., Nurmukhankyzy D., Seilkassymova R. A. Legal Aspects of Regulation of Medical Waste Treatment and Disposal in the Republic of Kazakhstan: Problems and Directions of Improvement // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. – 2026. – Vol. 81, No. 1. – P. 87–99. – DOI: 10.52026/2788-5291_2026_81_1_87.

4. Seilkassymova R. A. Towards the issue of recycling medical waste in Kazakhstan: problems and solutions // Правовое регулирование обращения с твёрдыми бытовыми отходами в контексте реализации целей устойчивого развития: вызовы и перспективы: материалы международной научно-практической конференции (Караганда, 25 сентября 2025 г.). – Караганда: ТОО «Arko Printing House», 2025. – С. 181–184.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, он бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Бірінші бөлім теориялық-құқықтық негіздерге, екінші бөлім халықаралық және ұлттық реттеу мен құқық қолдану практикасына, үшінші бөлім заңнамалық және ұйымдастырушылық жетілдіру бағыттарына арналған.